

«Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» сақтандыру компаниясы»

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ

ПРОСПЕКТИ

"Sinoasia B&R" СК АҚ
(«Архимедес Қазақстан» МСК» АҚ, 15.11.2017 ж. дейін)

Уәкілетті органның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған акцияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектіде берілген бүкіл ақпараттың дәйекті және оның орналастырылатын акцияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Акционерлік қоғам акциялар айналысы кезеңінде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығындағы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

Шығарылым проспекті күні – 2008 жылдың 23 қаңтары

Алматы қ.

1. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

2. Акционерлік қоғамның атауы:

2.1. Акционерлік қоғамның қазіргі атауы (2017 жылдың 15 қарашасынан бастап)

Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде – «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» Сақтандыру Компаниясы
Акционерлік Қоғамы;

орыс тілінде - Акционерное Общество «Страховая Компания «Sinoasia B&R
(Синоазия БиЭндАр)»;

ағылшын тілінде – Sinoasia B&R Insurance Joint Stock Company

қытай тілінде - 中亚丝路保险有限公司.

Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде – "Sinoasia B&R" СК АҚ;

орыс тілінде - АО "СК "Sinoasia B&R";

ағылшын тілінде - Sinoasia B&R Insurance JSC;

қытай тілінде - 中亚丝路保险有限公司

2.2. Акционерлік қоғамның бұрынғы атаулары (2007 жылдың 10 желтоқсанынан 2017 жылдың 15 қарашасына дейін)

Акционерлік қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде – «Архимедес Қазақстан» медициналық сақтандыру
компаниясы» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде - Акционерное общество "Медицинская страховая компания
"Архимедес Казахстан";

ағылшын тілінде – Medical Insurance Company Archimedes Kazakhstan Joint Stock
Company.

Акционерлік қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде – «Архимедес Қазақстан» МСК» АҚ;

орыс тілінде - АО "МСК "Архимедес Казахстан";

ағылшын тілінде - MIC Archimedes Kazakhstan JSC;

2.3. Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәлімет:

Мемлекеттік қайта тіркеу күні: 2017 жылдың 15 қарашасы

Тіркеу нөмірі: нөмірсіз

Тіркеуші орган: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Алматы қаласының
Әділет департаменті

2.4. Егер қоғам заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар және (немесе) қоғамға қатысты құқық мирасқорлығы туралы мәліметтерді көрсетуі керек

Мәліметтер жоқ.

2.5. Акционерлік қоғамның барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркеу күндері, орналасқан жерлері мен пошталық мекенжайлары:

Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

- 3. Қоғамның бизнес-сәйкестендіру нөмірі, байланыс телефондары мен факс нөмірлері, электрондық поштаның мекенжайын көрсетумен заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес қоғамның орналасқан жері.**

Заңды мекенжайы: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Пушкин көшесі, 97-үй, А26С7Х7 пошталық индексі

БСН: 071240007099

Байланыс телефоны: +7 727 2444 688; +7 727 2444 685

Электрондық мекенжайы: lazzat.buranbayeva@sinoasia.kz

- 4. Халықаралық рейтингтік агенттіктер және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктерінің қоғамға немесе оның шығарған бағалы қағаздарына берілген рейтингілерінің бар болуы туралы мәліметтер.**

Қоғам жаңадан құрылғандықтан, рейтингтер және қаржы агенттігінің мәртебесі берілген жоқ

2. ҚОҒАМНЫҢ ІРІ АКЦИОНЕРЛЕРІ НЕМЕСЕ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

- 5. Акционерлік қоғамның құрылтайшылары (акционерлері):**

№	жеке тұлғалар құрылтайшылардың (қатысушылардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және (немесе) заңды тұлғалар құрылтайшылардың (қатысушылардың) толық атауы, орналасқан жері	қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлесінің 10 (он) немесе одан көп пайызына ие құрылтайшылар (қатысушылар) алдын ала төлеген акциялардың саны және түрі (түрлері)	құрылтайшылар (қатысушылар) қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлесінің 10 (он) немесе одан көп пайызына ие болған күн
1	Чой Юк Люнг (Choy Yuk Leung); АӘА Гонконг	жай акциялардың 77 900 данасы (83,14%)	11.09.2017ж.
2	«BSB-Invest» (БиЭсБи-инвест) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі; Қазақстан, Алматы қ. А25D0B1, Самал-3, 25-үй	жай акциялардың 15 800 данасы (16,86%)	10.12.2007ж.

- 6. Қоғамның органдары:**

6.1. Қоғамның директорлар кеңесі:

- 1) Директорлар кеңесінің төрағасы – Чой Юк Люнг (Choy Yuk Leung) мырза

Соңғы үш жылда атқарған және қазіргі кезде атқарып жатқан қызметтері:

Жұмыс істеген кезені / тағайындалған күні	Жұмыс орны	Лауазымы

24.11.2017 бастап қазіргі уақытқа дейін	"Sinoasia B&R" СК АҚ	Директорлар кеңесінің төрағасы
01.07.2011 бастап қазіргі уақытқа дейін	Sinoasia Alliance Group Ltd	Басқарма төрағасы

Дауыс беруші акциялардың 83,14%-ы тиесілі;

Еншілес және тәуелді ұйымдарда акциялары (жарғылық капиталдағы үлестері) жоқ.

2) Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор – Лам Сай Квонг Паул (LAM Sai Kwong Paul) мырза.

Соңғы үш жылда атқарған және қазіргі кезде атқарып жатқан қызметтері:

Жұмыс істеген кезеңі /тағайындалған күні	Жұмыс орны	Лауазымы
24.11.2017 бастап қазіргі уақытқа дейін	"Sinoasia B&R" СК АҚ	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
01.07.2014 – 24.11.2017	Jiang Tai International Associates	Бас хатшы
30.06.2013 – 01.07.2014	Jiang Tai Insurance Brokers Co., Limited	Қайта сақтандыру департаментінің бас директоры

Қоғамның дауыс беруші акцияларына ие емес;

Еншілес және тәуелді ұйымдарда акциялары (жарғылық капиталдағы үлестері) жоқ.

3) Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрайымы – Буранбаева Лязат Мэлсовна ханым

Соңғы үш жылда атқарған және қазіргі кезде атқарып жатқан қызметтері:

Жұмыс істеген кезеңі /тағайындалған күні	Жұмыс орны	Лауазымы
10.12.2007 бастап қазіргі уақытқа дейін	"Sinoasia B&R" СК АҚ (бұрын «Архимедес- Қазақстан» МСК» АҚ)	Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрайымы
10.12.2007 бастап қазіргі уақытқа дейін	"Sinoasia B&R" СК АҚ (бұрын «Архимедес- Қазақстан» МСК» АҚ)	Басқарма төрайымы
2007-2010 жж.	«Аон Консалтинг Қазақстан» ЖШС	Кеңесші (10/12/2007 бастап – қосымша қызмет)
01.01.2006- 01.09.2007	«Аон Қазақстан» сақтандыру брокері» ЖШС	Директор кеңесшісі
2000 – 2006 жж.	«Аон Қазақстан» сақтандыру брокері» ЖШС	Директор

Қоғамның дауыс беруші акцияларына ие емес;

Еншілес және тәуелді ұйымдарда акциялары (жарғылық капиталдағы үлестері) жоқ.

6.2. Қоғамның алқалы немесе жеке-дара атқарушы органы – Қоғам Басқармасы:

1) Буранбаева Лязат Мэлсовна - Басқарма төрайымы

Соңғы үш жылда атқарған және қазіргі кезде атқарып жатқан қызметтері:

Жұмыс істеген кезеңі /қызметке кірісу күні	Жұмыс орны	Лауазымы
10.12.2007 бастап қазіргі уақытқа дейін	"Sinoasia B&R" СК АҚ (бұрын «Архимедес-Қазақстан» МСК» АҚ)	Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрайымы
10.12.2007 бастап қазіргі уақытқа дейін	"Sinoasia B&R" СК АҚ (бұрын «Архимедес-Қазақстан» МСК» АҚ)	Басқарма төрайымы
2007-2010 жж.	«Аон Консалтинг Қазақстан» ЖШС	Кенесші (10/12/2007 бастап – қосымша қызмет)
01.01.2006- 01.09.2007	«Аон Қазақстан» сақтандыру брокері» ЖШС	Директор кеңесшісі
2000 – 2006 жж.	«Аон Қазақстан» сақтандыру брокері» ЖШС	Директор

Қоғамның дауыс беруші акцияларына ие емес.

2) Зелих Егор Александрович - Басқарма мүшесі, Басқармасы төрайымының орынбасары

Соңғы үш жылда атқарған және қазіргі кезде атқарып жатқан қызметтері:

Жұмыс істеген кезеңі /қызметке кірісу күні	Жұмыс орны	Лауазымы
01.10.2014 бастап қазіргі уақытқа дейін	"Sinoasia B&R" СК АҚ (бұрын «Архимедес-Қазақстан» МСК» АҚ)	Басқармасы төрайымының орынбасары
02.06.2014 – 31.09.2014	"Sinoasia B&R" СК АҚ (бұрын «Архимедес-Қазақстан» МСК» АҚ)	Сақтандыру және қайта сақтандыру бөлімінің бастығы
06.02.2014 – 01.06.2014	"Sinoasia B&R" СК АҚ (бұрын «Архимедес-Қазақстан» МСК» АҚ)	Сақтандыру және қайта сақтандыру бөлімінің бастығының орынбасары
08.05.2013 – 01.05.2016	«ЦФУ Групп» ЖШҚ Алматылық филиалы	Филиал директоры
01.02.2010 – 18.05.2013	АҚ «Мұнай Сақтандыру Компаниясы»	Медициналық сақтандыру басқармасының бас андеррайтер-маманы

Қоғамның дауыс беруші акцияларына ие емес.

3) Ибраев Руслан Дамирович - Басқарма мүшесі, Қоғам басқармасы төрайымының орынбасары

Соңғы үш жылда атқарған және қазіргі кезде атқарып жатқан қызметтері:

Жұмыс істеген кезеңі /тағайындалған күні	Жұмыс орны	Лауазымы
--	------------	----------

02.06.2014 бастап қазіргі уақытқа дейін	"Sinoasia B&R" СК АҚ (бұрын «Архимедес- Қазақстан» МСК» АҚ)	Басқармасы төрайымының орынбасары
15.04.2013 – 01.06.2014	"Sinoasia B&R" СК АҚ (бұрын «Архимедес- Қазақстан» МСК» АҚ)	Ішкі аудит қызметі басшысы
15.04.2013 – 10.04.2013	«Архимедес Қазақстан» ЖШС	Бас бухгалтер
03.10.2011 – 10.04.2013	«КПМГ Аудит» ЖШС	Аудитор

Қоғамның дауыс беруші акцияларына ие емес.

6.3. Қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері (қоғамның директорлар кеңесі комитетінің (комитеттерінің) атауы (атаулары) және тиісті құзыреті):

1) Стратегиялық жоспарлау комитеті

Құзырет: (1) Қоғамның қызметін стратегиялық жоспарлауға қатысты ұсыныстар жасау; (2) Қоғамның инвестициялық саясатына қатысты ұсыныстар жасау (3) Қоғамның жылдық бизнес-жоспарлары мен бюджеттерін әзірлеуге қатысты ұсыныстар жасау

2) Кадрлар мен сыйақылар комитеті

Құзырет: (1) Қоғамның басшы жұмыскерлерін тағайындауға қатысты ұсыныстар жасау; (2) қоғамның басшы жұмыскерлеріне сыйақы төлеуге қатысты ұсыныстар жасау; (3) Қоғамның жұмыскерлерінің кадрлық құрамына, Қоғамның жұмыскерлерінің жалақылары мен көтермелеулері саясатына қатысты ұсыныстар жасау

3) Ішкі аудит қызметі

Құзырет: (1) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін орнатуға қатысты ұсыныстар жасау (соның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын бақылауға қатысты); (2) ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сонымен қатар корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылауға қатысты ұсыныстар жасау; (3) ішкі және сыртқы аудиттің тәуелсіздігін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету процестерін бақылауға қатысты ұсыныстар жасау; (4) ішкі аудит Қызметінің басшылары мен жұмыскерлерін көтермелеу саясаты мен құрылымына қатысты ұсыныстар беру; (5) ішкі аудит Қызметі басшысы ұсынған ішкі аудит Қызметінің басшысы және/немесе жұмыскерлері қызметтеріне үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын қарастыру және белгілеу; (6) предоставление рекомендаций по кандидатам на должности руководителя и работников Службы внутреннего аудита ішкі аудит Қызметінің басшысы мен жұмыскерлері қызметтеріне үміткерлерге қатысты ұсыныстар беру; (7) ішкі аудит Қызметі басшысының мирасқорлығын жоспарлау саясатын әзірлеу.

4) Әлеуметтік мәселелер комитеті

Құзырет: (1) Қоғам жұмыскерлерін әлеуметтік қолдауға қатысты ұсыныстар жасау; (2) іскерлік әдепті енгізуге, қайшылықтарды шешуге қатысты ұсыныстар беру және Қоғамға енгізілетін корпоративтік мәдениет ұстанымдарын жасау.

6.4. Ішкі аудит қызметі

Қоғамның ішкі аудит қызметі басшысы: Костин Геннадий Октябrevич;

Соңғы үш жылда атқарған және қазіргі кезде атқарып жатқан қызметтері:

Жұмыс істеген кезеңі /қызметке кірісу күні	Жұмыс орны	Лауазымы
26.03.2018 бастап қазіргі уақытқа дейін	"Sinoasia B&R" СК АҚ	Ішкі аудит қызметі басшысы
02.10.2017 - 26.03.2018	Қазақстан Республикасындағы филиалы, Филдкор Сервис Солюшенс Интернешнл	Бас қаржы бухгалтері
26.01.2015 – 02.10.2017	"Sinoasia B&R" СК АҚ (бұрын «Архимедес-Қазақстан» МСК» АҚ)	Ішкі аудит қызметі басшысы

Қоғамның дауыс беруші акцияларына ие емес.

7. Осы Проспекттің 6 және 7-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын қоғамның үлестес тұлғалары:

Жеке тұлға			
№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Үлестес тұлғаларына жатқызу үшін негіздеме	Үлестестігі пайда болған күні
1.	Хо Юк Кван (Ho Yeuk Kwan)	Ірі акционердің зайыбы (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	29.09.2017
2.	Хо Юк Кван (Ho Yeuk Kwan)	Қоғамның лауазымды тұлғасының зайыбы (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	24.11.2017
3.	Боранбай Әлия Әміржанқызы	Қоғамның лауазымды тұлғасының қызы (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	17/03/2008
4.	Буранбаев Мэлс Жаканович	Қоғамның лауазымды тұлғасының әкесі (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	17/03/2008
5.	Буранбаева Айгуль Мэлсовна	Қоғамның лауазымды тұлғасының сіндісі (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	17/03/2008
6.	Боранбай Арман Мэлсулы	Қоғамның лауазымды тұлғасының інісі (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	17/03/2008
7.	Ибраев Дамир Жамильевич	Қоғамның лауазымды тұлғасының әкесі (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	02/06/2014
8.	Ибраева Светлана Анатольевна	Қоғамның лауазымды тұлғасының анасы (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	02/06/2014

9.	Ибраев Рамиль Дамирович	Қоғамның лауазымды тұлғасының інісі (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	02/06/2014	
10.	Зелих Захидям Нурахметовна	Қоғамның лауазымды тұлғасының зайыбы (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	10/03/2015	
11.	Зелих Ева Егоровна	Қоғамның лауазымды тұлғасының қызы (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	10/03/2015	
12.	Зелих Александр Данилович	Қоғамның лауазымды тұлғасының әкесі (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	10/03/2015	
13.	Зелих Татьяна Ананьевна	Қоғамның лауазымды тұлғаның анасі (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	10/03/2015	
14.	Зелих Андрей Александрович	Қоғамның лауазымды тұлғасының інісі (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	10/03/2015	
15.	Зелих Анна Александровна	Қоғамның лауазымды тұлғасының сіңлісі (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	10/03/2015	
16.	Мухпулова Курванбуви Магомедовна	Қоғамның лауазымды тұлғасының зайыбының анасы (2-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	10/03/2015	
17.	Боранбай Әлия Әміржанқызы	Ірі акционердің қатысушысы (1-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	10/12/2007	
18.	Сағындықова Галия Кенесовна	Ірі акционердің қатысушысы (1-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	10/12/2007	
19.	Буранбаев Асан Булатович	Ірі акционердің қатысушысы (1-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	02.11.2017	
20.	Буранбаев Айдар Булатович	Ірі акционердің қатысушысы (1-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	02.11.2017	
Заңды тұлға				
№	Толық атауы, орналасқан жері	Үлестес тұлғаларына жатқызу үшін негіздеме	Үлестестігі пайда болған күні	
21.	«BSB-invest (БиЭсБи-инвест)» ЖШС; Қазақстан, Алматы қ., Самал-3 ықшамауданы, 25-үй, 37 п.	Ірі акционер (1-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	10.12.2007	
22.	«Архимедес Казахстан» ЖШС; Қазақстан, Алматы қ., Қалдаяқов к., 79-үй.	Қоғамның ірі акционері – заңды тұлғаның ірі акционерлері (5-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	14.02.2008	

23.	Sinoasia Alliance Group Limited; 5/F Effectual Buidling, 16 Hennessy Road, Wachai, Hong Kong	Қоғамның ірі акционері – осы заңды тұлғаның ірі акционері және лауазымды тұлға (5-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	29.09.2017
24.	Sinoasia Alliance Investment Limited; 5/F Effectual Buidling, 16 Hennessy Road, Wachai, Hong Kong	Қоғамның директоры – заңды тұлғаның ірі акционері (5-т., 1-п., 64-б. ҚР Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы»)	24.11.2017

8. Қоғам акцияларының 10 (он) немесе одан көп пайызына немесе осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестеріне ие заңды тұлға болып табылатын қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты, мыналар қосымша көрсетіледі:

Қоғам акцияның 10 (он) немесе одан көп пайызына немесе басқа заңдық тұлғалардың жарғылық капиталдағы үлестеріне ие емес.

3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ

9. Қоғамның қызмет түрлері

9.1. Қызметтің маусымдық сипаты бар түрлерін, қоғамның жалпы кірісіндегі олардың үлесін көрсетумен қоғам қызметі түрлерінің қысқаша сипаттамасы.

Қоғам қызметінің мақсаты келесі негізгі қызмет түрлерін атқару арқылы Акционерлер үшін кіріс алу болып табылады.

Уәкілетті орган беретін лицензияға «Жалпы Сақтандыру» сәйкес атқарылатын сақтандыру қызметі Қоғам қызметінің негізгі түрі болып табылады.

Қоғам жоғарыда аталған сақтандыру қызметіне қосымша кәсіпкерлік қызметтің келесі түрлерін атқара алады:

- 1) Инвестициялық қызмет;
- 2) Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін қолданылатын арнайы бағдарламалық камтамасыз ету құралын сату;
- 3) Кез келген ақпарат тасушылар түрінде сақтандыру және сақтандыру қызметі жөнінде әдебиетті сату;
- 4) Жеке қажеттіліктері үшін ертеректе сатып алған немесе сақтандыру қызметімен байланысты өкімдігіне келіп түскен мүлікті сату немесе жалға беру;
- 5) Сақтандыру қызметімен байланысты мәселелер бойынша кеңес беру қызметтерін атқару;
- 6) Сақтандыру (қайта сақтандыру) саласында мамандардың біліктілігін көтеру үшін білім беруді ұйымдастыру және атқару;
- 7) Сақтандыру агенті ретінде сақтандыру делдалдылығы;
- 8) Консорциум немесе жай серіктестік құруға қатысу;
- 9) сақтандыру ұйымдарының немесе сақтандыру ұйымдары мен ассистанс қызметін атқаратын басқа заңды тұлғалардың арасындағы бірге қызмет атқару туралы шарттың негізінде атқарылатын ассистанс;

10) Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған сақтандыру төлемдерін кепілдендіру жүйесіне қатысу шеңберіндегі қызмет.

Қоғам сақтандыру қызметін аске асыру үшін сақтандыру қызметін асыру үшін (i) лицензиясы, (ii) сақтандыру ережелері және (iii) ішілік ережелері бар болу керек. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген басқа қызмет түрлерін атқара алады. Лицензияның және (немесе) рұқсаттың болуын талап ететін барлық қызмет түрлерін Қоғам қажетті лицензиясы және (немесе) рұқсаты болғанда ғана атқаруға құқылы.

Сақтандыру компаниясы маусымдық сипаты бар қызмет түрлерін орындамайды.

9.2. Қоғамның бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

Қазіргі уақытта Қазақстанда 32 сақтандыру компаниясы жұмыс істейді.

Сақтандыру және қайта сақтандыру қызметтерінің ұқсас түрлеріне лицензиясы бар 22 компания Қоғамның нарықтағы бәсекелестері болып табылады.

Кейбір сақтандыру компанияларының ерікті түрде таратылуына және/немесе қызметтерін тоқтатып қоюына (мысалы, АҚ «СК «Альянс-Полис»), сақтандыру компанияларының әлеуетті қосылуына байланысты (мысалы, АҚ «Халық-Казахинстрах» Қазақстан Халық банкі ЕК» мен АҚ «СК «Казкоммерцполис») нарықтағы жағдай үнемі өзгеріп жатыр, сондықтан бәсекелі орта бизнестің әртүрлі бағыттары бойынша бәсекелестік жайғасымдарға түрлі сақтандырушылардың келуімен үнемі өзгеріп жатыр.

2018 жылға дейін Қоғам медициналық сақтандыру класы бойынша маманданған. Оның ішінде негізгі бәсекелестер ретінде Қоғам АҚ «КК ЗиМС «Интертич» басқа мамандандырылған сақтандыру компаниясын, сондай-ақ «Медикер» ЖШС медициналық ассистанс компаниясымен серіктестікте медициналық сақтандыру қызметтерін ұсынатын, медициналық сақтандыру нарығында көшбасшы АҚ «Халық-Казахинстрах» Қазақстан Халық банкі ЕК» компаниясын қарастырған.

2018 ж. бастап Қоғамның ірі қатысушысының ауысуына байланысты, Қоғам өзін сақтандырудың барлық класы бойынша қызметтер ұсынатын қытайлық инвесторлардың қатысуымен Қазақстандағы бірінші сақтандыру компаниясы ретінде көрсетеді. Негізгі клиенттік база ретінде Қазақстанда жұмыс істейтін қытайлық компаниялар мен қытайлық компаниялар қатысуымен бірлескен кәсіпорындар қарастырылады.

Сәйкесінше, Қоғамның негізгі бәсекелестері ретінде қытайлық компаниялар немесе қытайлық инвесторлар қатысуымен бірлескен кәсіпорындар болып табылатын клиенттерден бизнестің қомақты үлесін қоржында иеленген сақтандыру ұйымдары қарастырылады.

Медициналық сақтандыру класы бойынша АҚ «КК ЗиМС «Интертич», АҚ «Халық-Казахинстрах» Қазақстан Халық банкі ЕК»

Басқа кластар бойынша АҚ «СК «Евразия»; АҚ «Халық-Казахинстрах» Қазақстан Халық банкі ЕК»; АҚ СК «Казкоммерцполис»; АҚ «Мұнайлық сақтандыру компаниясы»

9.3. Қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) кірістілігіне оң және теріс ықпал ететін факторлар

Қоғамның негізгі қызметтері бойынша сатылымның кірістілігінің өсуі келесі оң факторлармен қуатталады деп күтілуде: (1) қытайлық компаниялар мен қытайлық капиталдың қатысуымен бірлескен кәсіпорындарды тарту есебінен клиенттік базаның үлкеюі мен өсуі; (2) сақтандыру тауарларының залалдығының сәйкес үздік

көрсеткіштерімен ауру жағдайын сақтандыру класының шегінен ары қарай біртіндеп үлкею; (3) халықаралық ынтымақтастық пен Қазақстандағы негізді түрде жаңа сақтандыру тауарларын ұсынуды үлкейту.

Теріс фактор ретінде келесі пункттерді қарастыруға болады: (1) залалдылығы тарихи жоғары ауру жағдайын сақтандыру Қоғам қызметінің негізгі бағыты болып қалуда. Бұл тәуекелдерден қорғану үшін Қоғам осы класта сақтандыру тауарлары бойынша қызмет көрсететін медициналық ұйымдармен қарым-қатынастың арнайы механизмдерін, қайта сақтандыру қорғанысын, залалдылықтың одан да төмен көрсеткіштерімен осы кластағы, сонымен қатар, кросс-сатылымдарда және т.б. қолдануға болатын сақтандыру тауарларының түрлерін көбейтуді қарастырады; (2) Сақтандырудың басқа кластары бойынша өз статистикасы мен жұмыс тәжірбиесінің жоқтығы. Бұл тәжірбиелерін және контрагенттердің статистикасын қолдануға, сондай-ақ артық тәуекелдерден қорғануға мүмкіндік беретін жергілікті және шетелдік сақтандырушылармен бірге ортақ сақтандыру және қайта сақтандырудың әртүрлі құралдарының есебінен орны толтырылады.

9.4. Қоғамның лицензиялары (патенттері) және олардың қолданылу мерзімі, қоғам демеушілік ететін зерттеулер мен әзірлеулерге кеткен шығындар, оның ішінде зерттеу әзірлемелері туралы ақпарат

Қоғамның «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру және қайта сақтандыру қызметтерін көрсетуге лицензиясы бар, №2.1.64, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 06.02.2019ж. берген, қолданылу мерзімінсіз

Қоғам зерттеулер мен әзірлемелерге шығындар жұмсаған жоқ.

9.5. Қоғам жеткізетін (қоғам көрсететін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстар, қызметтер) жалпы көлемінде қоғамның экспортқа сататын өнімінің (көрсетілетін жұмыстар, қызметтер) үлесі

Қоғам жұмыстағы, көрсететін қызметтеріндегі импорттың үлесіне ие емес және экспорт қызметтерін жүзеге асырмайды.

9.6. Нәтижелері бойынша қоғамның қызметі тоқтатылуы немесе өзгеруі, одан ақшалай және өзге міндеттемелер өндіріліп алынуы мүмкін оның қатысуымен болған сот процестері мәнінің сипаттамасын көрсетумен қоғамның сот процестеріне қатысуы туралы мәлімет

Сақтандыру компаниясы сот процестеріне қатыспаған және қатыспайды.

9.7. Қоғамның қызметіне ықпал ететін басқа тәуекел факторлары

Тәуекел факторлары, соның ішінде:

- бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы мен биржадан тыс нарықтағы акциялардың бағасына әсер ететін;
- инфляциямен, девальвациямен және банктік пайыздың мөлшерлемесімен шартталған;
- шығарылып жатқан тауардың бәсекеге қабілеттілігіне байланысты;
- елдегі саяси ахуалдың өзгеруімен және заңнаманың өзгеруімен байланысты;
- әлеуметтік факторлармен байланысты тәуекелдер.

- 1) Операциялық тәуекел – қоғамның ішкі бақылауды ұйымдастыруға қоятын талаптарын бұзу (сақтау) салдарынан туындайтын шығындардың

(шығыстардың) туындау тәуекелі. Операциялық тәуекел қоғам қызметімен байланысты.

Құрама бөліктері:

Транзакциялық тәуекел – транзакциялық операцияларды орындау кезіндегі компания қызметкерлерінің қателерімен, компанияның бухгалтерлік есебіндегі қателермен, есептегі қателермен байланысты;

Операциялық бақылау тәуекелі – компания қызметкерлері бөлінген лимиттерді асырғанда, мәмілелерді адал орындамағанда, қасақана алаяқтыққа барған кездегі операциялық тәуекел түрі;

Жүйелер тәуекелі – ағымдағы операцияларды орындау кезіндегі бағдарламалық қамтамасыз ету құралының істен шығу, жұмыс әдістемесіндегі қате, телекоммуникациялық жүйелердің істен шығу операциялық тәуекелі.

Өз қызметінде қоғам қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін адал орындамау кезіндегі (мүлікті сақтандырушы тұлғамен әдейі келісу) операциялық тәуекелге ұшырауы мүмкін.

- 2) Кредиттік тәуекел – әріптестің шарттың (келесім-шарттың) алғашқы талаптарын немесе қоғамға қатысты басқа міндеттемелерін орындай алмау немесе бұзу салдарынан, соның ішінде Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаның төлемді аударуына қойылған шектеуден немесе кедергі келуінен шығындардың (шығыстардың) туындау тәуекелі. Moody's, S&P, Fitch IBCA рейтингтік компаниялары жариялайтын рейтингтер компанияның кредиттік тәуекел бағасының жалпы қабылданған шарасы болып табылады.
Сақтандыру резервтерінің қомақты ерекшелігі бар және алдын ала жинақтау қорына, тұтыну қорына жатқызылмайды, кіріс ретінде тұтынылмайды, жасалған сақтандыру шарттарының міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылады. Дәл осы сақтандыру резервтерін пайдалану теріс қаржы нәтижесіне, яғни сақтандыру төлемдері көлемінің сақтандыру сыйақы көлемі мен меншікті капитал мөлшерлерінен асып түсуіне әкелуі мүмкін.
- 3) Өтімділікті жоғалту тәуекелі – қоғамның өз міндеттемелерін уақтылы орындамауымен байланысты тәуекел. Өтімділіктен айрылу тәуекелі бар қаржы активін сату кезінде туындауы мүмкін. Осы тәуекел түрі құнын қомақты түсірмей активті жылдам тарату мүмкін еместігін білдіреді.
- 4) Төлем қабілеттілік тәуекелі – қолайсыз сыртқы жағдайларда қоғамда міндеттемелерін орындау бойынша қиындықтардың туындауымен шартталған тәуекел.
- 5) Құқықтық тәуекел – қоғамның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу немесе қоғам практикасының ішкі құжаттарына, ал Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаға қатысты – басқа елдердің заңнамасына сәйкес келмеуінен туындайтын шығындардың (шығыстардың) туындау тәуекелі.
- 6) Бедел тәуекелі – теріс қоғамдық пікірдің салдарынан немесе қоғамға деген сенімнің жоғалуынан шығындардың (шығыстардың) туындау тәуекелі.
- 7) Елдік (трансферлік) тәуекел – шет мемлекеттің немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаның төлем қабілетсіз болу немесе кредиттік тәуекелмен байланысты емес себептер бойынша қоғам алдында міндеттемелер бойынша жауап бергісі келмеу салдарынан шығындардың (шығыстардың) туындау тәуекелі.

Материалдық емес өндіріс саласына жататын және қомақты акша көлемімен операциялар жасайтын экономика субъектісі ретіндегі сақтандыру компаниясының активтері бәрінен бұрын инфляциялық процестердің әсеріне ұшырауы мүмкін. Бағалы қағаздардан алынатын кірістердің жоғары инфляциясы кезінде өсуге қарағанда жылдамырақ құнсызданады, сақтандыру компаниясы қомақты шығындар көтереді. Бұл орайда, жалпы мөлшердегі пайда алынуы неғайбыл, бірақ ол инфляциялық спиральді жабуға жұмсалуды мүмкін. Инфляциялық тәуекел елдегі макроэкономикалық жағдайлармен байланысты.

- 8) Рыноктық тәуекел – рыноктық бағалардың қозғалу нәтижесі ретінде сақтандыру компаниясының кірістері мен капиталы үшін ағымдағы немесе болашағы бар қауіп. Рыноктық тәуекел өз кезегінде баға тәуекеліне, пайыздық тәуекелге және валюталық тәуекелге бөлінеді.

Баға тәуекелі – қаржы құралдарының нарықтық құнына әсер ететін қаржы рыноктары шарттары өзгерген жағдайда туындайтын қаржы құралдары портфельдері құнының өзгеру салдарынан шығындардың (шығыстардың) туындау тәуекелі. Сақтандыру компаниясы сақтандыру сыйақыларының есебінен қызметін атқарады. Алынған қаражаттар түрлі рынок-корларға, мемлекеттік бағалы қағаздар рыногына, банктік қызметтерге инвестицияланады. Бұл орайда, сақтандыру компаниясы сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандыру төлемін төлеуге тиіс. Рыноктық ауытқулардың әсерімен қаржы активінің құны институционалдық инвестор үшін қолайсыз жаққа өзгеруі мүмкін, бұл сақтандыру компаниясы клиенттерінің алдындағы ағымдағы міндеттемелерінің орындауы бойынша қиындықтарға әкелуі мүмкін.

Пайыздық тәуекел рыноктағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне байланысты сақтандыру компаниясы көтеретін шығындар тәуекелімен байланысты. Осылайша, бағалы қағаздар рыногында жұмыс істей отырып, қаржы активтеріне салынған қаражаттар бойынша жалпы пайызды анықтайтын қаржы рыногының кредиттік, валюталық және басқа секторларына тигізетін әсерін сезінбеу мүмкін емес.

Валюталық тәуекел – сақтандыру компаниясы өз қызметін атқару кезінде шетелдік валюталар бағамының өзгеруімен байланысты шығындардың (шығыстардың) туындау тәуекелі. Шығындар қауіпі сақтандыру компаниясының валюталар бойынша құны тұрғысынан орындарын қайта бағалауынан туындайды. Валюта бағамдары бірқатар макроэкономикалық процестерден (инвестициялық ағындар, елдердің экономикалық жағдайы, елдің қаржы саясаты) болады, бірақ меншікті капиталдың көлеміне қойылатын жоғары талаптар активтер мен пассивтерді басқаруға икемделу мүмкіндігін береді, бұл валюта бағамдарының өзгеру нәтижесінде активтердің бір бөлігінен айрылудан аулақ болуға мүмкіндік береді.

- 9) Портфельдік тәуекел – өтімділіктен айрылу, кірістіліктің және сақтандыру ұйымының қаражаттары инвестицияланған бағалы қағаздар бағамының төмендеу, эмитент жағдайының нашарлау нәтижесінде сақтандыру ұйымы шығыстарының (шығындарының) туындау тәуекелі.

- 10) Шығарылатын өнімнің бәсеке қабілеттілігімен байланысты тәуекелдер төмен бағаға ұқсас қызметтер көрсететін сақтандыру компанияларының болуымен байланысты.

Сақтандыру компаниясының стратегиясы қызметтер сапасын жақсартумен, сақтандыру компаниясы жұмыскерлерінің біліктілік деңгейін арттырумен байланысты.

- 11) Елдегі саяси жағдайдың және заңнаманың өзгеруімен байланысты тәуекелдер – кез келген саяси процестің түзетілмейтін элементі. Саяси тәуекел көптеген факторлармен шартталады. Оларды шартты түрде келесідей бөлуге болады:
- ақпараттық, оған барлық ағымдағы саяси процесстер туралы дәл және толық ақпараттың болмауы, жалпы саяси жағдайларды талдау жеткіліксіздігі, дәл санау және шығындардың болмауы жатады;
 - әлеуметтік, жүргізіп отырған саяси бағыт тұрақсыздығынан, агрессивтілігінен, радикалдығынан, жекелеген саяси институттардың қызметінен, халықтың жүргізіп отырған саясатты төмен қолдауынан, саяси және этникалық, басқа да жұмыссыздық, экономикалық ауыр жағдайдан, көптеген шешілмеген проблемалардың болуынан туындаған;
 - қызметкерлер, мына не басқа саясаттың жеке тұлғаларымен байланысты;
 - құқықтық, саяси тәуекел құқықтық және моральдық нигилизм салдарынан, саяси өзара әрекет пен байланыстың қабылданған шарттарын орындамау, моральдық-саяси сипаттағы заң талаптары мен келісім нормаларын бұзу салдарынан туындайды;
 - экономикалық, саяси тәуекелдің себебі: мына не басқа реформаларды атқару үшін қажетті ақша ресурстарының жоқтығы, дамыған және тұрақты экономикалық инфрақұрылымның болмауы, кәсіпорынның мемлекеттік акцияларының өтпеуі, дәл экономикалық бағдарламаның болмауы, елге берілген тікелей инвестициялардың болмауы, ойластырылмаған валюталық-кредиттік саясат, т.б.;
 - оқыс, жоғарыда аталған фактормен қатар саяси тәуекел көздерінің бірі алдын ала білуге болмайтын және қаланбайтын оқиғалардың пайда болуына әкелетін саясаттың тәкелей оқыс болуынан туындайды (саяси қайраткерлердің науқастануы, қызметтен кетуі, қайғылы оқиғалар, табиғи апаттар, т.б.).
- 12) Саяси тәуекел саяси бағамның өзгеруі ықтималдылығымен, әсіресе, жаңа президентті, парламентті, өкіметті сайлағанда, сәйкесінше келесі оқиғаларға байланысты:
- өкімет белгілі бір бағалы қағаздар бойынша ертеректе қабылданған міндеттемелерін орындаудан бас тартса немесе осы міндеттемелерді орындауды кешіктірсе;
 - бағалы қағаз шығарылымдары қайта тіркелсе;
 - жаңа, салық, сауда және басқа ережелерді жүргізу салдарынан инвестициялық климат өзгерсе, т.б.
- 13) Әлеуметтік факторлармен байланысты тәуекелдер сақтандыру компаниясын басқаратын қызметкерлердің біліктілігімен анықталады.
- Ескі басқару жүйесімен салыстырғанда жаңа шарттарда жаңа ұйымдастыру функциялары пайда болады: даму стратегиясы мен саясатын әзірлеу, қажетті еңбек ресурстарын іздеу, құрылымды жетілдіру, т.б. сақтандыру өнімдерін жылжыту және шығыстарды бір уақытта азайту кезінде бәсекеге қабілетті қызметтерді көрсету үшін жаңа шарттарда негізгі ресурсқа айналатын қызметкерлерді басқарумен байланысты мәселелер үлкен маңызға ие болады. Адами фактор тұрғысынан менеджментке қолданылатын тәсіл бүгін өте маңызды, себебі шешім қабылдау кезінде кәсібилікке негізделген қызметкерлердің шығармашылық әлеуеті мен интуициясы үлкен роль ойнайды.

Компания жеке қаржы мекемесі болғандықтан, әлеуметтік тәуекелдердің факторлары ең төменгі дәрежеге дейін төмендетілген. Компанияда қалыпты қызмет үшін қажеттінің барлығымен – қызметкерлермен, жабдықтармен, ресурстармен, т.б. қамтамасыз ететін нақты ұйымдастыру құрылымын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіледі.

Компания алдына қоятын басқа міндеттердің бірі – алдына қойған міндеттерге қол жеткізу үшін компания қызметкерлерін белсендету.

10. Қоғамның өндіретін немесе тұтынатын тауарларының (жұмыстарының, қызметтерінің) жалпы құнынан 5 (бес) және одан көп пайызды құрайтын көлемдегі тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар және жеткізушілер туралы мәліметтер.

- «Архимедес Казахстан» ЖШС, БСН 080240011774, заңды мекенжайы: Алматы қ., Қалдаяқов к., 79 – Ауру жағдайын сақтандыру (ерікті медициналық сақтандыру) класы бойынша Қоғамның сақтандыру тауарлары бойынша медициналық қызметтердің артықшылықты жеткізушісі болып табылатын медициналық ұйым (медициналық ассистанс);
- AWP Health & Life S.A. (Allianz Worldwide Care), Париж, Франция – халықаралық медициналық сақтандыру бойынша облигаторлық сақтандыру келісімшарты бекітілген қайта сақтандырушы.

4. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЙ КҮЙІ

11. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсетумен қоғам активтерінің жалпы көлемінен 10 (он) және одан көп пайызды құрайтын қоғамның активтері.

Активтерді әртараптандырудың пруденциалды нормативтерінің талаптарына сәйкес, Қоғам активтердің жалпы көлемінің 10 (он) немесе одан көп пайызын құрайтын активтерге ие емес.

12. Қоғам активтерінің жалпы көлемінен 5 (бес) және одан көп пайыз мөлшеріндегі дебиторлық берешек

Қоғамның қандай да бір бөлек дебитор бойынша Қоғамның активтерінің баланстық құнының 5 (бес) пайызынан көп көлемдегі ұзақ мерзімді немесе мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешегі жоқ.

13. Қоғам міндеттемелерінің қамтамасыз етілуі болып табылатын қоғам активтерінің жалпы көлемінен 10 (он) және одан көп пайызды құрайтын қоғамның активтері:

13.1. Қоғам міндеттемелерінің қамтамасыз етілуі болып табылатын активтердің тиісті құнын көрсетумен қоғам міндеттемелерінің қамтамасыз етілуі болып табылатын қоғам активтерінің атауы;

Қоғамның 85%-дан кем емес активтері несиелік рейтингі инвестициялық рейтингтен төмен емес (BBB – Standard & Poors шкаласы немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің шкалалары бойынша) эмитенттердің бағалы қағаздарында, ақшалай қаражат және басқа өтімділігі жоғары активтерде орналастырылған. 2019 жылдың 1 қыркүйегіне сәйкес Қоғамның міндеттемелерінің өтімділігін жоғары активтермен өтеу 320%-ды құрайды.

13.2. Бағалаушының атауы, әрбір активті бағалау күні;

Бағалы қағаздарда орналастырылған Қоғамның активтерін бағалау халықаралық қор нарықтарында тіркелген қазіргі нарықтық құны бойынша жүзеге асырылады.

13.3. тиісті шарттардың қолданылуы аяқталған күн.

Бағалы қағаздар сатылымған дайын ретінде топтастырылады, яғни Қоғам не шығарылым мерзімдеріне сәйкес өтелгенге дейін осы бағалы қағаздарды ұстайды, не сәйкес қағаз бойынша қолайлы жағдаят туса, сатып алу және сату операцияларын жүзеге асырады.

14. Сенімгерлік басқаруға берілген қоғам активтерінің жалпы көлемінен 10 (он) және одан көп пайызды құрайтын қоғамның активтері

Қоғам сенімгерлік басқаруға активтерді өткізбейді.

15. Қоғам міндеттемелерінің баланстық құнынан 5 (бес) және одан көп пайыз мөлшеріндегі қоғамның кредиторлық берешегі

Қоғамның міндеттемелердің баланстық құнынан 5(бес) және одан көп пайыз мөлшерінде кредиторлық берешегі жоқ.

5. ЖАРИЯЛАНҒАН АКЦИЯЛАР ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

16. Жарияланған акциялар шығару туралы мәліметтер:

16.1. жарияланған акциялардың саны, түрлері: 168 000 (жүз алпыс сегіз мың) жай акция

16.2. құрылтайшылар төлейтін акциялардың саны, түрлері: 40 000 (қырық мың) жай акция

16.3. құрылтайшылар төлейтін бір акцияның номиналды құны: 10 000 (он мың) теңге

16.4. артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілді мөлшері: артықшылықты акциялар шығарылмайды

16.5. қоғам бағалы қағаздар нарығының ұйымдастырылмаған нарығында акциялар сатып алу кезінде оның құнын анықтау әдістемесін акционерлердің жалпы жиналысында немесе құрылтай жиналысында бекітілген күні

«Архимедес-Қазақстан» МСК» АҚ-ның құрылтай жиналысы, 2007 жылғы 10 қыркүйек.

17. Егер акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның бір түрдегі орналастырылған акцияларын осы қоғамның басқа түрдегі акцияларына ауыстыру көзделген болса, онда осы тармақта қоғамның бір түрдегі орналастырылған акцияларын осы қоғамның басқа түрдегі акцияларына ауыстыру талаптары, мерзімдері және тәртібі ашып көрсетіледі.

Қоғамның орналастырылған акциялардың бір түрін осы қоғамның акцияларының басқа түрімен алмастыру туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған жоқ.

18. Төлем агенті туралы мәліметтер:

Төлем агентімен шарт жасалған жоқ.

19. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсету шартын жасау міндеті белгілен жағдайда осы тармақта мыналар ашып көрсетіледі

Қор биржасының ресми тізіміне эмиссиялық бағалы қағаздарды қосу және қағаздардың болуы мәселелері бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету келісімшарты жасалмаған.

6. ИНВЕСТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

- 1) Инвесторлар қоғам жарғысының көшірмесімен, акциялар шығарылымының проспектімен, осы құжаттарға енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен, акцияларды орналастыру нәтижелері туралы есептермен қоғам орналасқан жерде таныса алады:

Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Пушкин кошесі, 97-үй, А26С7Х7 пошталық индексі

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жариялануға тиісті хабарлар, хабарламалар «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттеріне беріледі.

- 2) аудиторлық ұйымдардың тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиесілілігін көрсетумен аяқталған соңғы қаржылық 3 (үш) жылға қоғамның қаржылық есептілік аудитін жүзеге асырған (жүзеге асырып отырған) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса); «КПМГ Аудит» ЖШС – 2016, 2017 және 2018 жылға дейін
- 3) қоғам бағалы қағаздар нарығының ұйымдастырылмаған нарығында акциялар сатып алу кезінде оның құнын анықтау әдістемесін акционерлердің жалпы жиналысында немесе құрылтай жиналысында бекітілген күні: «Архимедес-Қазақстан» МСК» АҚ-ның құрылтай жиналысы, 2007 жылғы 10 қыркүйек.

Басқарма төрайымы



Буранбаева Л.М.

Бас бухгалтер



Ибраев Р.Д.

Ішкі аудит
қызметі басшысы



Костин Г.О.



ПРОСПЕКТ

ВЫПУСКА АКЦИЙ

АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА

"Страховая компания "Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)"

АО "Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)"
(до 15.11.2017г. АО "МСК "Архимедес Казахстан")

Государственная регистрация выпуска объявленных акций уполномоченным органом не означает предоставление каких-либо рекомендаций инвесторам относительно приобретения акций, описанных в проспекте, и не подтверждает достоверность информации, содержащейся в данном документе.

Должностные лица акционерного общества подтверждают, что вся информация, представленная в настоящем проспекте, является достоверной и не вводящей в заблуждение инвесторов относительно акционерного общества и его размещаемых акций.

В период обращения акций акционерное общество обеспечивает раскрытие информации на рынке ценных бумаг на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан о рынке ценных бумаг.

Дата проспекта выпуска – 23 января 2008 года

г. Алматы

1. ОБЩИЕ СВЕДЕНИЯ ОБ АКЦИОНЕРНОМ ОБЩЕСТВЕ

2. Наименование акционерного общества

2.1 Действующее наименование акционерного общества (с 15.11.2017г.):

Полное наименование Общества

на государственном языке – «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» Сактандыру Компаниясы Акционерлік Қоғамы;

на русском языке - Акционерное Общество «Страховая Компания "Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр) Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)»;

на английском языке – “Sinoasia B&R Insurance” Joint Stock Company;

на китайском языке - 中亚丝路保险有限公司

Сокращенное наименование Общества:

на государственном языке – " Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)" СК АК;

на русском языке - АО "СК " Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)";

на английском языке - Sinoasia B&R Insurance JSC;

на китайском языке - 中亚丝路保险有限公司

2.2 Предыдущие наименования акционерного общества (с 10.12.2007 до 15.11.2017)

Полное наименование акционерного общества:

на государственном языке – "Архимедес Қазақстан" Медициналық Сактандыру Компаниясы" акционерлік қоғамы;

на русском языке - Акционерное общество "Медицинская страховая компания "Архимедес Казахстан";

на английском языке – Medical Insurance Company Archimedes Kazakhstan Joint Stock Company.

Сокращенное наименование акционерного общества:

на государственном языке – "Архимедес Казахстан МСК" АК;

на русском языке - АО "МСК "Архимедес Казахстан";

на английском языке - MISC Archimedes Kazakhstan JSC;

2.3 Сведения о государственной регистрации (перерегистрации) акционерного общества

Дата государственной перерегистрации: 15 ноября 2017 года

Регистрационный номер: без номера

Регистрирующий орган: Департамент Юстиции города Алматы Министерства Юстиции Республики Казахстан

2.4 Если общество было создано в результате реорганизации юридического лица (юридических лиц), то указываются сведения о правопреемстве в отношении реорганизованных юридических лиц и (или) общества

Сведений нет.

2.5 Наименования, даты регистрации, места нахождения и почтовые адреса всех филиалов и представительств акционерного общества.

Общество филиалов и представительств не имеет.

3. Местонахождение общества в соответствии со справкой или свидетельством о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица с указанием бизнес идентификационного номера общества, номеров контактных телефонов и факса, адрес электронной почты.

Юридический адрес: Казахстан, город Алматы, Медеуский район, улица Пушкина, дом 97, почтовый индекс А26С7Х7

БИН: 071240007099

Контактный телефоны: +7 727 2444 688; +7 727 2444 685

Электронный адрес: lazzat.buranbayeva@sinoasia.kz

4. Сведения о наличии рейтингов, присвоенных обществу или выпущенным им ценным бумагам международными рейтинговыми агентствами и (или) рейтинговыми агентствами Республики Казахстан.

Рейтинги и статус финансового агентства не присваивались.

2. КРУПНЫЕ АКЦИОНЕРЫ ИЛИ УЧРЕДИТЕЛИ ОБЩЕСТВА И ОРГАНЫ ОБЩЕСТВА

5. Учредители (акционеры) акционерного общества.

№	фамилии, имена, отчества (при их наличии) учредителей (участников) физических лиц и (или) полные наименования, место нахождения учредителей (участников) юридических лиц	количество и вид (виды) акций, предварительно оплаченных учредителями (участниками), которые владеют 10 (десятью) и более процентами долей участия в уставном капитале общества	дата, с которой учредители (участники) стали владеть 10 (десятью) и более процентами долей участия в уставном капитале общества
1	Чой Юк Люнг (Choy Yuk Leung); САР Гонконг	77 900 штук простых акций (83,14%)	11.09.2017г.
2	Товарищество с ограниченной ответственностью «BSB-Invest» (БиЭсБи-инвест); Казахстан, г. Алматы А25D0B1, Самал-3, дом 25	15 800 штук простых акций (16,86%)	10.12.2007г.

6. Органы общества

- 6.1. Совет директоров общества

- 1) Председатель Совета Директоров – Г-н Чой Юк Люнг (CHOY Yuk Leung)

Должности, занимаемые им за последние три года и в настоящее время:

Период работы/дата назначения	Место работы	Должность
24.11.2017 - по настоящее время	АО «СК «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)»	Председатель Совета Директоров

01.07.2011 – по настоящее время	Sinoasia Alliance Group Ltd	Председатель Правления
---------------------------------	-----------------------------	------------------------

Принадлежит 83,14% голосующих акций;

Акций (долей в уставном капитале) в дочерних и зависимых организациях Общества не имеет.

2) Член совета директоров, Независимый директор – Г-н Лам Сай Квонг Паул (LAM Sai Kwong Paul)

Должности, занимаемые им за последние три года и в настоящее время:

Период работы/дата назначения	Место работы	Должность
24.11.2017 - по настоящее время	АО «СК «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)»	Член Совета Директоров – независимый директор
01.07.2014 – 24.11.2017	Jiang Tai International Associates	Генеральный секретарь
30.06.2013 – 01.07.2014	Jiang Tai Insurance Brokers Co., Limited	Генеральный директор Департамента перестрахования

Голосующих акций общества не имеет;

Акций (долей в уставном капитале) в дочерних и зависимых организациях Общества не имеет.

3) Член совета директоров, Председатель правления – Г-жа Бүранбаева Лязат Мэлсовна.

Должности, занимаемые ей за последние три года и в настоящее время:

Период работы/дата назначения	Место работы	Должность
10.12.2007 - по настоящее время	АО «СК «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» (ранее АО «МСК «Архимедес Казахстан»)	Член совета директоров, Председатель правления
10.12.2007 - по настоящее время	АО «СК «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» (ранее АО «МСК «Архимедес Казахстан»)	Председатель правления
2007г. – 2010г.	ТОО «Аон Консалтинг Казахстан»	Советник (с 10/12/2007 - по совместительству)
01.01.2006- 01.09.2007	ТОО «Страховой брокер «Аон Казахстан»	Советник Директора
2000г. – 2006г.	ТОО «Страховой брокер «Аон Казахстан»	Директор

Голосующих акций общества не имеет;

Акций (долей в уставном капитале) в дочерних и зависимых организациях Общества не имеет.

**6.2. Коллегиальный или единоличный исполнительный орган общества -
Правление Общества.**

1) **Буранбаева Лязат Мэлсовна** - Председатель Правления.

Должности, занимаемые ей за последние три года и в настоящее время:

Период работы/дата назначения	Место работы	Должность
10.12.2007 - по настоящее время	АО «СК «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» (ранее АО «МСК «Архимедес Казахстан»)	Член совета директоров, Председатель правления
10.12.2007 - по настоящее время	АО «СК «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» (ранее АО «МСК «Архимедес Казахстан»)	Председатель правления
2007г. – 2010г.	ТОО «Аон Консалтинг Казахстан»	Советник (с 10/12/2007 - по совместительству)
01.01.2006-01.09.2007	ТОО «Страховой брокер «Аон Казахстан»	Советник Директора
2000г. – 2006г.	ТОО «Страховой брокер «Аон Казахстан»	Директор

Голосующих акций общества не имеет;

2) **Зелих Егор Александрович** - Член правления, Заместитель председателя правления Общества.

Должности, занимаемые ей за последние три года и в настоящее время:

Период работы/дата назначения	Место работы	Должность
01.10.2014 – по настоящее время	АО «СК «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» (ранее АО «МСК «Архимедес Казахстан»)	Заместитель Председателя Правления
02.06.2014 – 31.09.2014	АО «СК «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» (ранее АО «МСК «Архимедес Казахстан»)	Начальник отдела страхования и перестрахования
06.02.2014 – 01.06.2014	АО «СК «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» (ранее АО «МСК «Архимедес Казахстан»)	Заместитель начальника отдела страхования и перестрахования
08.05.2013 – 01.05.2016	Алматинский Филиал ООО «ЦФУ Групп»	Директор филиала
01.02.2010 – 18.05.2013	АО «Нефтяная Страховая Компания»	Главный специалист-андеррайтер управления медицинского страхования

Голосующих акций общества не имеет;

- 3) **Ибраев Руслан Дамирович** - Член правления, Заместитель председателя правления Общества.

Должности, занимаемые ей за последние три года и в настоящее время:

Период работы/дата назначения	Место работы	Должность
02.06.2014 – по настоящее время	АО «СК «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» (ранее АО «МСК «Архимедес Казахстан»)	Заместитель председателя Правления
15.04.2013 – 01.06.2014	АО «СК «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» (ранее АО «МСК «Архимедес Казахстан»)	Начальник службы внутреннего аудита
15.04.2013 – 10.04.2013	ТОО «Архимедес Казахстан»	Главный бухгалтер
03.10.2011 – 10.04.2013	ТОО «КПМГ Аудит»	Аудитор

Голосующих акций общества не имеет;

6.3. Комитеты совета директоров общества и соответствующая компетенция комитета (комитетов) совета директоров общества:

1) **Комитет стратегического планирования**

Компетенция: (1) выработка рекомендаций по вопросам стратегического планирования деятельности Общества; (2) выработка рекомендаций по вопросам инвестиционной политики Общества; (3) выработка рекомендаций по вопросам разработки годовых бизнес-планов и бюджетов Общества.

2) **Комитет кадров и вознаграждения**

Компетенция: (1) выработка рекомендаций по вопросам назначения руководящих работников Общества; (2) выработка рекомендаций по вопросам вознаграждения руководящих работников Общества; (3) выработка рекомендаций по вопросам кадрового состава работников Общества, по политике заработной платы и поощрений работников Общества.

3) **Служба внутреннего аудита**

